

«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің Қарасақал Ерімбет атындағы №96 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік аттестаттаудың қорытындысында орын алған бұзушылықтарды жою туралы анықтамасы

1.Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет.	
1)	Білім беру ұйымының толық атауы. «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Қарасақал Ерімбет атындағы №96 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
2)	білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен жайы). Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округі, Бозкөл ауылы, Шыңдалы Бердібаев көшесі,13 үй, пошта индексі 120412
3)	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта,web-сайт). Телефон: 87243837171, электронды пошта: Kazaly_96@mail.kz, web-сайт https://kazaly96.edu.kz/
4)	заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі). Мектеп директоры міндетін қоса атқарушы Абилов Динислам Куншыгарович Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің 2025 жылғы 03 наурыздағы №96 жнқ бұйрығымен тағайындалған.
5)	құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса беріледі). Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 21 қаңтарда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 25.12.1997 жыл, БСН – 971240002721. Құрылтайшысы: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Мекеме жарғысы Қызылорда облысының қаржы басқармасының 15.01.2021 жылғы №221 бұйрығымен бекітілген.
6)	Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарламаны қабылдау талоны 25.02.2019 жылы №KZ10RVK00019416 берілген. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 10.02.2021 жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген №KZ56LAA00022958 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кішітүрі(түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.
2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:	
3)	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау; Өзін-өзі бағалау нәтижелері: Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында мектепалды сыныбы 5 күндік жұмыс аптасымен, мектепалды сынып жарты күн болуы бойынша жұмыс жасайды.Мектепалды сынып 2022-2023 оқу жылында 1 топ, 2023-2024 және ағымдағы оқу жылы 1 топпен балаларды қамтыған.Жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша 5 жастағы мектепалды сыныптары жасақталған. 2022-2023 оқу жылында жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша 1 мектепалды сыныбы жасақталған. Мектепалды сыныбында 2022-2023 оқу жылында 13 бала білім алған, оның ішінде 2016 жылғы - 3 бала қамтылған, 2017 жылғы 10 бала қамтылған. 2023-2024 оқу

жылында жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша 1 мектепалды сыныбы жасақталған. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбында 18 бала білім алған,оның ішінде 2017 жылғы -8 бала, 2018 жылғы 10 бала қамтылған.2024-2025 оқу жылында жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша 1 мектепалды сыныбы жасақталған. Мектепалды сыныбында 18 бала білім алады, оның ішінде 2019 жылғы 18 бала қамтылған, 25 баладан артық емес. Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы бойынша мәлімет білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылды.

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/kadrlyk-k-ramga-taldau.html>

Мектепалды сыныптарында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік және эмоционалдық жеке қасиеттеріне бағытталған. Үлгілік оқу бағдарлама мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыруға жағдай жасалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеумен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды. Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгітәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпығаміндетті стандартына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру көзделген. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсат пен міндеттерге жеткен.

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/adistemelik-zh-mys.html>

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Дамытушы орталықтар орналастырылған. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы жасалған. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта қалыптасқан, дамуына қажетет етін қажетті көрнекі құралдар және басқа да жағдайлар жасалған. Интернетке қосылған, интернет жылдамдығы-30 Мбит/с. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес топтық орындардың құрылымы баланың ойыншықтарға, материалдарға еркін қолы жетуін қамтамасыз етуге бағытталған. Материалдар балалардың жасына сай толықтырылған, қажетті көрнекі құралдар және басқа да жағдайлар жасалған. Заттық-кеңістік дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары ескеріліп құрылған.

Мектепалды даярлық сынып педагогы туралы мәлімет

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/kadrlyk-k-ramga-taldau.html>

Мектепалды даярлық сыныбының 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы педагогы туралы мәлімет:

Мектепалды даярлық сыныбының педагогы жоғары білімді, мамандығы «Мектепке дейінгі

оқыту және тәрбиелеу», біліктілік санаты: «Тәрбиеші» лауазымы бойынша педагог-модератор. 2020 жылғы 20 қазандағы № «41» бұйрық негізінде берілген.

Біліктілік арттыру курсынан өткен: Балалардың мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 120 академиялық сағат. 10.08 – 28.08.2020 ж. № 003589. ПШО. «Мектепалды даярлықтың тәжірибелік және мазмұндық аспектілері» 72 сағат. 16.10 – 27.10.2023 ж. №0699813 «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы.

Әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымшаға сәйкес педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер бойынша ақпарат білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған.

Мектепалды сыныбының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандырылған. Заттық-кеңістік дамытушы орта білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары жөнінде ақпарат ұсынылған. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары», оның ішінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жасалған (Коммуникативтік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары; Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамытуға арналған оқу және ойын материалдары; Шығармашылық дағдыларды, зерттеушілік әрекетті дамытуға арналған оқу және ойын материалдары; Қимыл дағдыларын дамыту мен сауықтыруға арналған оқу және ойын материалдары; Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға, командалық жұмыс дағдыларын дамытуға арналған оқу және ойын материалдары; Топтық бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз; Дене шынықтыру залы; Спорт алаңы; Ойын алаңы; Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құру және психологиялық-педагогикалық қолдау үшін ұсынылатын жабдық т.б.). Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыруды арттыру керек. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілген, дидактикалық кешендер саны-10, Алматыкітап баспасынан алынған басылымдармен қамтылған. Мектепалды сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһаздармен жарақтандырылуы бойынша Әдістемелік ұсынымдарға 4-қосымшаға сәйкес Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету туралы мәліметтер бойынша ақпарат білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған.

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/ok-u-materialdyk-aktivter-2.html>

Мектепалды сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес Әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымша бойынша Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу әдістемелік кешендер туралы ақпарат білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған.

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/akparattyk-resurstar.html>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтылған.

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпыорта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 18-тармаққа сәйкестендірілді.
4)	баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы; Өзін-өзі бағалау нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында аралық, қорытынды, 2024-2025 оқу жылында бастапқы бақылау парағы толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылған. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II, III деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілген. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған. Педагогикалық диагностиканы тәрбиешілер басқа да педагогикалық қызметкерлермен бірге жүзеге асырған. Баланың жеке даму картасында құзыреттіліктер (физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, танымдық және зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру), бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары көрсетілген. Қорытынды жасалған. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педагогтар кестеге дамыту немесе түзету іс-шараларын енгізген. Мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында барлығы 13 бала, 2023-2024 оқу жылында 18 бала, 2024-2025 оқу жылында 18 бала тізімі жасалып бекітілген. Оқу жылдарында «Бақылау парағы» (2022-2023, 2023-2024 оқу жылы аралық, қорытынды, 2024-2025 оқу жылының бастапқы) бойынша толық ақпарат білім беру салаларын кіріктіру ұстанымдары жөнінде ақпарат ұсынылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылды. Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде түзету іс-шаралары енгізілген. Оқу жылдарында бақылау парағы жасалынып сайтқа орналастырылды. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы ақпараттар толықтырылды. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/tarbielenushilerdi-bilimin-bagалаu.html «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. 1-параграф, Әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпыорта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы 1-қосымша 12, 13-тармағына сәйкестендірілді.
5)	тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау; Өзін-өзі бағалау нәтижелері: Зерделеу кезінде 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы бағаланатын кезеңдегі оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде мектепалды сыныптарында білім беру саласы бойынша құзыреттілікті игеру деңгейі бойынша тәрбиешілердің бастапқы мониторинг жасақталған, балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижелері нақты айқындалған. Балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде біліктер мен дағдылардың даму көрсеткіштері бес білім беру дағдысы бойынша берілген. Ағымдағы оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының балалардың жеке даму картасы бойынша мониторинг жасалып, нәтижесі көрсетілген. Баланың жеке даму картасындағы құзыреттіліктер (физикалық қасиеттері, коммуникативтік дағдылары, танымдық және

зияткерлік дағдылары, шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру) негізге алынып бастапқы мониторинг жасалған.

Оқу жылы	I деңгей (төмен)	II деңгей (орташа)	III деңгей (жоғары)
2022-2023 Қорытынды мониторинг	0 %	8 %	92 %
2023-2024 Қорытынды мониторинг	0 %	28 %	72 %
2024-2025 Бастапқы мониторинг	22 %	50 %	28 %

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында аралық, қорытынды, 2024-2025 оқу жылында бастапқы «Бақылау парағы» толтырылған. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға баланың жеке даму картасы толтырылған. Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II, III деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізілген. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырған.

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/tarbielenushilerdi-bilimin-bagalau.html>

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау ақпараты ұсынылды. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы. 1-параграф, Әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 5-тармағына сәйкестендірілді.

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

Өзін-өзі бағалау нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдауы өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингі ұсынылған. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелеріне бақылау жүргізілген. Мектепалды сыныптарында балаға жеке даму карталары жасалып, бастапқы оқыту нәтижелері айқындалған. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін физикалық және жеке қасиеттерін дамыту, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктерімен дағдыларын, физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, зерттеу іс-әрекеттер, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырған. Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде, үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылған. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары мен ағымдағы оқу жылында оқыту нәтижелерінде алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылған. Бағаланатын кезеңдегі оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалары мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде мектепалды даярлық сыныптарында білім беру саласы бойынша құзыреттілікті игеру деңгейі бойынша

бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг жасақталған, балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы, аралық, қорытынды нәтижелері нақты айқындалған. Балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде біліктер мен дағдылардың даму көрсеткіштері бес білім беру дағдысы бойынша берілген.

2022-2023 оқу жылы

Р / с	Сыныбы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	О - А	13	-	1	12
			-	8%	92%

2023-2024 оқу жылы

Р / с	Сыныбы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	О - А	18	-	5	13
			-	28%	72%

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша балалардың жеке даму картасы бойынша мониторинг жасалып, нәтижесі көрсетілген. Мектепалды сыныптарда балаға жеке даму карталары жасалып, бастапқы оқыту нәтижелері айқындалған. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін физикалық және жеке қасиеттерін дамыту, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын, физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, зерттеу іс-әрекеттер, әлеуметтік эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырған.

2024-2025 оқу жылы

Р/с	Сыныбы	Бала саны	I деңгей	II деңгей	III деңгей
1	О - А	18	4	9	5
			22%	50%	28%

<https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/tarbielenushilerdi-bilimin-bagalau.html>

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы. 1-параграф, Әдістемелік ұсынымның 1- қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді.

Оқу кезеңінде тәрбиеленушілердің жетістіктер мониторингісі зерделеуге жасалған. Әр түрлі деңгей ұйымдастырылған байқаулар мен сайыстарға қатыстырылған. Сауалнама ұсынылып салыстырмалы талдау жүргізілді.

Р/с	Сыныбы	Толық келісемін	Келісем ін	Келісп еймін	Толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналарына сауалнама жүргізілді, нәтижесі	58,1	27,3	5,9	8,1
2	Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін сауалнама жүргізілді, нәтижесі	78,9	10,5 %	0%	10,5 %

	Педагогтер, ата-аналарғаа (занды өкілдеріне) сауалнама онлайн түрде өткізілді. Сауалнамаға респонденттердің төменінде 100 % - ы қатысқан. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 20-21-тармағына сәйкестендірілді.
3.Тәрбиеленушілердіңоқужүктемесініңжоғарыкөлемінеқойылатынталаптар	
4. Тәрбиеленушілердіңоқыту мерзімінеқойылатынталаптар:	
1)	балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау; Өзін-өзі бағалау нәтижелері: Балалар білім беру ұйымына 5 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. 2022-2023 оқу жылында жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша 1 мектепалды сыныбы жасақталған. Мектепалды сыныбында 13 бала білім алған, оның ішінде 2016 жылғы-3 бала, 2017 жылғы-10 бала қамтылған. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбында 18 бала білім алған, оның ішінде 2017 жылғы-8 бала, 2018 жылғы 10 бала қамтылған. 2024-2025 оқу жылында жас ерекшеліктері бір қағидасы бойынша балалардың топтары 25 баладан артық емес болып 1 мектепалды сыныбы жасақталған. Мектепалды сыныбында 18 бала білім алуда, оның ішінде 2019 жылғы 18 бала қамтылған. Балалар тізімі жасалып бекітілген. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталған. Білім беру ұйымында топтарды жинақтау барысында балалардың жас ерекшелігі сақталған. Оқу жылдарында топта балалардың жас кезеңділігі бойынша жинақтау жұмыстары жүргізілген. Топ жас кезеңдерімен іріктелген, жас ерекшелігі сәйкес келеді. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/kadrlyk-k-ramga-taldau.html «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы.1-параграф,Әдістемелікұсынымның1-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді.
	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпыорта, техникалықжәнекәсіптік,ортабілімненкейінгібілімберудіңмемлекеттік жалпығаміндеттістандарттарынбекітутуралы»ҚазақстанРеспубликасыОқу-ағарту министрінің2022жылғы3тамыздағы№348бұйрығы1-қосымша25-тармағынасәйкес келеді.
2)	тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау. Өзін-өзі бағалау нәтижелері: Мектепке дейінгі ұйымға балаларды қабылдау бойынша балалардың қозғалысы 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында жүзеге асырылған. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі- 5 жыл, бір жас тобында-1 жыл. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі сақталған. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/mektepaldy-dayarlyk-k-zhattary/tarbielenushilerdi-bilimin-bagalau.html 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау ақпараты ұсынылды.«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы. 1-параграф, Әдістемелік ұсынымның 1-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді.

	ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 1-қосымша 26-тармағына сәйкестендірілді.
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар.	
1)	білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі; Өзін-өзі бағалау нәтижелері: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарын басшылыққа алып жұмыс оқу жоспары жасалған. 1-11-сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндерден берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, оқу жоспарында бекітілген. 10-11- сынып оқушыларының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылған. 2022-2023 оқу жылында 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып, 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып бекітілген. 2023-2024 оқу жылында 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып, 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып бекітілген. 2024-2025 оқу жылында 10-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып, 11-сынып жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 1 сынып бекітілген. 2022-2023 оқу жылының I жарты жылдығында бастауыш білім беруге -95,5 сағат, негізгі орта білім беруге -170 сағат (бөліп оқыту-5 сағат 7-сынып және үйден оқу 9-сынып -10 сағатты қоса есептегенде), жалпы орта білім беруге - 68 сағат, барлығы -333,5 сағат апталық жүктеме берілген, 2022-2023 оқу жылының II жарты жылдығында бастауыш білім беруге -98,5 сағат (бөліп оқыту-3 сағат 2-сынып қоса есептегенде), негізгі орта білім беруге -170 сағат (бөліп оқыту-5 сағат 7-сынып және үйден оқу 9-сынып -10 сағатты қоса есептегенде), жалпы орта білім беруге -68 сағат, барлығы -336,5 сағат апталық жүктеме берілген. 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге - 99,5 сағат (бөліп оқыту-1 сағат 2-сынып және 3 сағат 3-сынып қоса есептегенде), негізгі орта білім беруге -160 сағат (бөліп оқыту-5 сағат 8-сынып қоса есептегенде), жалпы орта білім беруге -70 сағат, барлығы -329,5 сағат апталық жүктеме берілген. 2024-2025 оқу жылында бастауыш білім беруге -109,5 сағат (бөліп оқыту-3 сағат 3-сынып және 3 сағат 4-сынып қоса есептегенде), негізгі орта білім беруге -165 сағат (бөліп оқыту-5 сағат 8-сынып және 5 сағат 9-сынып қоса есептегенде), жалпы орта білім беруге -70 сағат, барлығы 344,5 сағат апталық жүктеме беріліп, бекітілген. 2022-2023 оқу жылында үйде оқитын 1 оқушы (9-сынып бейімделген оқу бағдарламасымен оқыту «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының 9-қосымшасы 10-тарауы) 10 сағат апталық жүктеме және 2024-2025 оқу жылында үйден оқыту 1 оқушы (1-сынып арнайы оқу

	бағдарламасымен оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының 9 тарауы) 8 сағат апталық жүктеме бекітілген. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/pedagog-kadrlar-k-ramy-2/oku-zhospary.html 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының сабақ кестелері жасалып бекітілген. Кестеде аптадағы өтілетін пәннің атауы мен реті, мерзімі, сыныбы көрсетілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде оқу жұмыс жоспарына сәйкес апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/pedagog-kadrlar-k-ramy-2/sabak-kestesi.html «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы. 2-параграф, Әдістемелік ұсынымның 6-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 3-тарау 29-тармақ, 3-қосымша 3-тарау 41-тармақ, 4-қосымша 3-тарау 31-тармаққа сәйкестендірілді.
2)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
	тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру; Өзін-өзіне бағалау нәтижелері: Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2022-2023 оқу жылында 1-11-сыныптарда 11 сынып комплектісінде 195 білім алушы болған. Бастауыш білім беруде 4 сынып комплект, 75 оқушы; 5-9 сынып арасында 5 сынып комплект, 94 оқушы; 10-11 сыныптарда 2 сынып 26 оқушы. 2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда 11 сынып комплект 191 білім алушы болған. Бастауыш білім беруде 4 сынып комплект, 70 оқушы; 5-9 сынып арасында 5 сынып комплект, 88 оқушы; 10-11 сыныптарда 2 сынып 33 оқушы. 2024-2025 оқу жылының басында 1-11 сыныптарда 11 сынып комплект 187 білім алушы болған. Бастауыш білім беруде 4 сынып комплект, 73 оқушы; 5-9 сынып арасында 5 сынып комплект, 92 оқушы; 10-11 сыныптарда 2 сынып 22 оқушы. Құжаттар оқу жылдары бойынша зерделенді. https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/pedagog-kadrlar-k-ramy-2/bilim-alushylar-kontingenti.html Оқу бағдарламаларының базалық мазмұны "Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына сәйкес жасалынып, бекітілген. «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым,

	айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқужылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саны көрсетілген, ұзақ мерзімдіжоспарға сәйкесбөлімшелергеарналғансағатсаныбөлінген,күнтізбелік-тақырыптықжоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген. Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Практикалық және зертханалық, бақылау және қорытындылау жұмыстарының міндетті минимумы аяқталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Білімберу ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. 2022-2023оқу жылында жылдық қорытындысы бойынша жалпы мектеп –бойынша 175оқушы (2-11сыныптар) бағаланған. Олардың 1-4сыныптардағыүздіктерсаны-14,екпінділерсаны-21,білімсапасы–63,64%;5-9 сыныптар бойынша 16 үздік, 40екпінді оқушы, білім сапасы–59,57%;10-11 сыныптарда 4 үздік, 12 екпінді, білім сапасы – 61,54%; Жалпы үздіктер- 34, екпінділер саны - 73, білім сапасы -61,14%, үлгермеуші оқушы жоқ, үлгерім сапасы - 100%, мектеп-бітіруші түлектер саны -10, «Алтын белгі» саны–2 және«Үздік» аттестат иегерлері– 3. 2023-2024 оқу жылында жылдық қорытындысы бойынша жалпы мектепбойынша 178 оқушы (2-11 сыныптар) бағаланған. Олардың 1-4 сыныптардағы үздіктер саны-18, екпінділер саны-23, білім сапасы – 71,93%; 5-9 сыныптар бойынша 18 үздік, 36 екпінді оқушы, білім сапасы – 61,36%; 10-11 сыныптарда 7 үздік, 12 екпінді, білім сапасы – 57,58%; Барлық үздік оқушылар саны-43, екпінді оқушыларсаны-71 болған.Білім сапасы 64,04%, үлгермеушіоқушыжоқ, үлгерімсапасы100%болған.Мектепбітірушітүлектерсаны-17. «Алтын белгі» –2 және «Үздік» аттестат иегері–1. Үлгерім 100%, үлгермеуші оқушы жоқ. Әрбір тоқсанның соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланып отырған. Үлгермеуші оқушы жоқ екендігі анықталған. Оқу пәндерінің базалық мазмұнын барлық оқушылар игергендігі анықталды.
	Үлгілік оқу жоспарлары сәйкес 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының оқу жұмыс жоспарлары, сынып журналдары мен сабақ кестелері жасалып, мектеп директорымен бекітілген. 2022-2023 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 11 сынып жинағы, 2023-2024 оқу жылында 1-11 сынып аралығында 11 сынып жинағы, 2024-2025 оқу жылдарында 1-11 сынып аралығында 11 сынып жинағы бекітілген. Құжаттар оқу жылдары бойынша зерделенді. «Күнделік» электрондық журналынан ақпараттық жүйемен зерделенді. Пәндер бойынша оқу бағдарламаларында оқу пәнінің мазмұны, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекетінің түрлері қамтылған. Оқу жылына арналған ұзақ мерзімді жоспарда бір оқу жылына арналған оқу мақсаттары қамтылған, бөлімдер мен тақырыптарды меңгеруге жұмсалатын сағат саныкөрсетілген, ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес бөлімшелерге арналған сағат саны бөлінген, күнтізбелік тақырыптық жоспарды педагогтар әзірлеп мектептің пән бойынша әдістемелік бірлестік отырысында қарастырып, бекітілген. Оқу бағдарламаларының мазмұны пәндер бойынша негізгі дағдыны үйренуге бағытталып жасалған. Талдау, бағалау және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал ететін түрлі тапсырмалар пәнге сәйкес көрсетілген.

	Бөлімдер мен бөлімшелердің атаулары нақтыланып, оқыту мақсаттарының реті айқындалған. Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған. Практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқу жылы ішінде бағдарламаларында анықталған бөлімдерді оқытудың бірізділігі сақталып, үлгілік оқу бағдарламаға сәйкес білім беру жүзеге асырылған. Сабақтарды есепке алу үшін оқушылармен сынып журналы жүргізілген, оқу бағдарламасына сәйкес өткізілген сабақтар сынып журналдарына енгізілген. Білім беру ұйымының оқу пәндерінің базалық мазмұны жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Пәндердің базалық білім мазмұны игерілген. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы. 2-параграф, Әдістемелік ұсынымның 6-қосымшасында көрсетілген негіздер бойынша қорытынды есеппен сипаттамалар берілді. ҚОРЫТЫНДЫ: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2-қосымша 2-тарау 10-24-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 1, 22-37-тармақ, 4-қосымша 2-тарау 22-25-тармаққа сәйкестендірілді.
3)	білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру; Өзін-өзіне бағалау нәтижелері: Білім беру мекемесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жылдық тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген, 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шара жоспары негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы 15 қосымшаға сәйкес жасалып, бекітілген. Тәрбие жоспары 8 бағытты қамтыған. 1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие; 2. Рухани- адамгершілік тәрбие; 3. Ұлттық тәрбие; 4. Отбасы тәрбиесі; 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие; 6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі; 7. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие; 8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығының №2 қосымшасына сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2023-2026 жылдарға арналған, 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына сәйкес «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша жылдық тәрбие жоспары әзірленіп, мектеп директорымен бекітілген. 2024 - 2025 оқу жылында мектепшілік тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда 2024 жылғы 19 қыркүйектегі №63-Ә бұйрығына сәйкес жүзеге асыру туралы мектеп директорының бұйрығы енгізілген. Әлеуметтік жобалар мен іс-шаралар арқылы құндылықтарды енгізуде білім беру ұйымы «Төрт тоқсан-төртөнер», «Тоғыз айға-тоғыз іс-шара», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Мектеп театры» және дебат клубтарының жоспарлары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылған. Жобалардың жүзеге асырылғаны туралы дәлелдеме құжаттары арнайы сайтқа жүктелген.
	https://kazaly96.edu.kz/b-zushylykty-zhoyu-bojynsha-k-zhattar/tarbie/togyz-ajga-togyz-is-shara.html 08.09.2023 жылы «Тоғыз айға тоғыз іс-шара» жоспарына сәйкес сынып жетекшілердің

